

**ТҮРКИЯНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ  
ЖҮЙЕСІ ТАРИХЫ  
(ХІ-ХУІІІ ҒҒ.): БАСТЫ  
ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР  
МЕН ӘКІМШІЛІК  
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**

**Кіріспе**

Феодализм кезеңінде жер иеліктері ірі феодалдардың иелігінде еді. Сондықтан да олардың қарамағына шаруалар да, қолөнершілер де кірген болатын. Осылайша, мемлекеттік басқару жүйесі ірі жер иелерінің қолында болды. Көптеген шығыс елдерінде, соның ішінде Түркияда жер мемлекеттің иелігінде болса да, шынайы түрде ірі, орта және кіші жер иелерінің басқаруында еді [1;4]. Шаруалар жерді игере отырып, салықтарды да төлеп отырды.

Әртүрлі халықтардың мекендеген аймақтарына байланысты феодалдық қатынастардың хронологиялық кезеңдері де әртүрлі болып келеді. Тарих ғалымдарының зерттеулері бойынша, орта ғасырлардың феодалдық қоғамдық құрылысының басталуы әр елде әртүрлі болғанымен, орташа есеппен алғанда б.з. III-VII ғғ. аралығына жатады. Алдыңғы және Орталық Азия елдерінде IX ғ. дейін созылса, ал Батыс Еуропа елдерінде XI ғ. дейін созылған еді. Дамыған феодализм Батыс Еуропа XV-XVI ғғ. дейін жетті. XVII ғ. Британиядағы өнеркәсіп төңкерісі нәтижесінде феодалдық қатынастарға соққы жасалынып, біртіндеп жаңа капиталистік қоғамдық құрылыс құрыла бастаған еді. Еуропадағы феодализмге 1789 ж. Франциядағы Буржуазиялық революция айтарлықтай әсер етіп, капиталистік қатынастардың дамуына жол ашты [4;7].

Орта ғасыр Түркия тарихының қоғамдық даму жолы осылайша дамыды.

Осман Империясы 1453 ж. Константинопольді жаулап алғаннан кейін, Батыс елдері үшін Шығысқа шығатын құрлық жолы жабылып, бұл елдер теңіз арқылы жаңа айланба жолын іздестіріп, нәтижесінде Ұлы географиялық ашылуларға себеп болды.

Көшпенді оғыз тайпалары бастапқы кезеңде ерте феодалдық мемлекеттік құрылыс жүйесінде болып, негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Рулардың ақсүйектері үлкен аумақтағы жайылымдарға иелік етті. Рулық-тайпалық-туыстық қатынас нығая түсті.

Иран, Ирак және өзге де шығыс елдерін қамтыған алып Селжұқ мемлекетіндегі жауланған жерлердегі халықтың феодалдық қатынасына байланысты селжұқтардың өздері де

өзара қарым-қатынасқа түсті. Олардың өздері де ірі жер иеленген феодалдарға айнала бастаған болатын.

Заңнамалық нормалар жалпы мұсылмандық қағидалар және Иран дәстүріне негізделі жасалды. Бұл процесс далалық аймақтарда кең тарап, таулы аймақтарда көшпенді өмір сүру салты Селжұқ мемлекетінің тараған кезеңіне дейін жалғасқан болатын.

Сонымен қатар, осы кезеңде түркілердің жергілікті халықтармен ассимиляциясы да басталған болатын. Орталық Анадолы аймағы түріктердің басқа аймақтарымен салыстырғанда жылдам өсті.

Селжұқ мемлекетінде жер мемлекет меншігі болып есептелінді.

Әскери лендік жүйеге сәйкес лен иегері әскери қызмет атқаруы міндетті және өзінің кірісіне сәйкес әскер жасақтап шығаруы керек еді.

Бастапқы кезеңде жер өмір бойына ғана берілсе, уақыты өте келе бұл жерлер атадан балаға мұра ретінде беріліп отырады. Осылайша, әскери-лендік жүйе қалыптаса бастады. Жер иелену жүйесі бойынша әскери-лендерден басқа да вакфтық жер иелері болды. Вакфтық жер иелері мұсылман дін басыларының жері еді. Сонымен бірге, жеке жер иелері мүліктік жер иелері де болды [3;40-41].

Селжұқ сұлтандығындағы шаруаларды басқару тәсілі оларға жер өңдеуге беріліп, ушр салығын (10-нан бір бөлігі) алып отырды. Сонымен қатар, басқа да салық түрлері салынатын. Шаруалардың жер иелеріне қызмет жасау міндеті жүктелетін. Феодалдардың жинаған салығының бір бөлігі мемлекетке тиесілі еді.

Осман бейлігінің ішкі басқаруы бастапқы кезде қарапайым болды. Осман мен Орхон тайпа билерінің кеңесінде бей атағын алды. Бей біріншіден әскер басы ретінде еді. Бейлердің арқасүйер жетекшілері – ұлдары мен туыстары болды. Олар жаулап алынған аймақтардағы камалдар мен иеліктердің басшысы ретінде тағайындалды.

Осман империясы кеңеюі барысында оның басқару жүйесі де күрделене түсті. Орхон сұлтан кезеңінде бас уәзір және уәзірлер кеңесі құрылды. Жаулап алынған жерлер әкімшілік-территориялық аймақтарға бөлінді. Ақче басып шығару ісі қолға алынды. Сонымен қатар, әскери сала бір жүйеге келтірілді. Бұл жүйеге енген аймақтарға еңбек ақы төленіп отырды. Ал бейбіт кезеңде әскерилер еншіге алынған жерлерді игерумен айналысты және олар салықтан боса-

тылды. Осы негізде, тайпалық кезеңнен әскери-феодалдық жүйеге көшкен болатын.

1243 ж. Көседағ шайқасында (Сивас қаласының 60 шақырым шығысында) Селжұқ сұлтаны басқарған әскер моңғолдардан жеңілген болатын, бұл шайқас Селжұқ мемлекетінің тағдырын шешті.

Моңғол әскерлері сәл қарсылық жасаған қалалардың өзін күл-талқан етіп, ондаған мың адам қаза тапты. Осылайша, моңғол әскері Селжұқ мемлекеті орналасқан Кіші Азия территориясын қаңыратып тастады. Нәтижесінде Селжұқ мемлекеті тәуелсіздігінен айрылып, моңғол ханының вассалына айналып, ауқымды салық төлеуге тиісті болды.

Моңғол шапқыншылығынан кейін селжұқ мемлекетінде ішкі тартыстар күшейіп, халық наразылығынан көтерілістер жиілеп, нәтижесінде 1307 ж. соңғы Селжұқ сұлтанын моңғолдар тұншықтырып өлтірді [4;12].

XІІІ ғ. соңында Селжұқ мемлекеті 12 тәуелсіз бейліктерге бөлінді. Селжұқ мемлекеті билігінің 230 жыл шамасындағы өз тарихында көшпенді түркі тайпаларының біраз бөлігі отырықшылықпен айналысып, жер өңдеумен және қолөнермен шұғылдана бастады. Жер иеленушілер негізгі билеуші топқа айналып үлгергендіктен көпшілігі де көшпенді өмірдің материалдық және мәдени құндылықтарын сақтай отырып, жергілікті түрік халқының қалыптасуына алып келді.

Көптеген бейліктерге бөлінген Селжұқ мемлекетіндегі аса дамымаған, әлсіз, Кіші Азияның солтүстік батысында орналасқан билігі жаңадан құрылған Осман мемлекетінің ядросына айналды. Бұл бейліктің басшысы Ертоғрыл бей Селжұқ сұлтанының вассалы әрі шекараны қорғаушы (шекарашы) қызметін атқарды. Ертоғрыл өз билігін сұлтаннан икта ретінде алған болатын. 1281 ж. Ертоғрыл қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы Осман бей билікті өз қолына алып иелігіндегі жерді батысқа қарай кеңіте бастады. Осылайша Осман сұлтан Византия жерлерін біртіндеп жаулай бастады [3;17-19].

1299 ж. кезекті ішкі көтеріліс салдарынан сұлтан астананы тастап қашып кеткендіктен Осман бей өз бетінше еркін әрекет жасай бастаған еді. Сондықтан 1299 ж. Осман мемлекетінің құрылған жылы деп есептеледі.

Осман сұлтан мен оның Орхан сұлтанының билігі кезеңінде өз иеліктеріндегі жерді батыс территорияларды жаулау арқылы кеңіткен еді.

Бейліктің батысында орналасқан Кіші Азия аумағындағы үлкен қалалардың бірі Бурсаны 1326 жылы жаулап алып, өзінің астанасы етіп жариялады. Өз мемлекеттеріндегі жер ауқымын жаулаушылық соғыстар жүргізу арқылы кеңейткен, жаңадан құрылған Осман мемлекеті Қара мен Мәрмәр теңізі арасында күшті бір плацдарм құрып, біртіндеп өз күшіне ене бастаған мықты мемлекет құра алды.

XIII ғ. соңы XIV ғ. басында Осман мемлекетінің құрылуы мен кеңеюіне негізгі себептердің бірі болған идеологиялық ұран болды десек қателеспейміз. Ол дінсіздерге қарсы күрес деген ұранды алға тарта отырып, өз төңірегіне халықты шоғырландырып, халықтың басын біріктірді. Себебі, жаңадан іргесі қаланған Осман мемлекеті өзінің шығысында орналасқан Анадолыдағы тәуелсіз бейліктерге қарсы емес батысындағы Византия, Балқан елдері мен Шығыс Еуропа елдеріне Ғазауат соғысын жүргізе отырып, мемлекет жерін кеңейте бастаған болатын. 1354 ж. Османдықтар Дарданелл бұғасы арқылы Еуропа жағалауын өтіп, Галлиополь түбегіндегі Цинпе қаласын басып алды. Ал, 1362 ж. Адрианонополь (қазіргі Едирне қаласы) қаласын жаулап алып, астанасына айналдырды. Византия императоры Осман империясының вассалына айналды. 15 маусым 1389 ж. Косово қаласындағы шешуші шайқаста Сербия мен Боснияның біріккен әскерлерін Осман әскерлері талқандаған еді. Осы шайқастан кейін Болгария мен Сербияны жаулай отырып Осман мемлекеті Венгрияға тікелей қауіп төндірген болатын. Егер Осман мемлекеті Венгрияны жауласа, орталық Еуропа елдеріне тікелей қатер төнетін еді. Осыны ескерген король Сигизмунд крестшілер жорығын ұйымдастырды. Еуропа елдерінен француздар, ағылшындар, италяндықтар, немістер, чехтар және т.б. елдерден рыцарлар келіп қатысты. 1396 ж. 25 қыркүйекте Дунай өзенінің оң жақ жағалауындағы Болгарияның Никополь қаласы маңында Баязит I Йылдырым (Йылдырым сөзі Найзағай деген ұғымды білдіреді) сұлтан басқарған Осман әскерлері мен король Сигизмунд басқарған Еуропаның біріккен әскерлері арасында шайқас болды. Бұл шайқаста Осман әскерлері жеңіске жетті. XIV ғ. соңында Кіші Азия тәуелсіз бейліктерді өз қарамағына қосқан Осман империясының бұл одағы соншалықты деңгейде мықты емес болатын.

Әскери саладағы ірі өзгерістердің бірі де Осман сұлтан мен Орхан сұлтандардың билігі кезеңіндегі алғашқы жаулаушылық жорықтар кезеңінде тайпалық атты әскерлер жасағына

негізделсе, ал бұл әскерлер қамалдарды қоршау кезеңінде аса тиімсіз болып қалды. Сонымен қатар, әрдайым сұлтанның бұйрығына тікелей бағынатын жүйелі әскер құру қажеттілігі туындады. Осы мақсатта, арнайы жалақы алып отыратын тұрақты жаяу және атты әскерлер құрамы жасақталды.

1361-1363 жж. аралығында христиан тұтқындарынан жасақталған алғашқы жаяу әскер корпусы құрылған болатын. Бұл әскери корпусқа – «йени чери» («жаңа әскер» – янычар) деген ат берілген болатын. Соғыс уақытында тұтқынға түскендердің бестен бір бөлігі сұлтан еншілеп отырған болатын. Сонымен қатар, тұрақты атты әскерлер «Сипахилер» жасағы құрылды (бірақ, бұларды сипахия лендерімен шатастыруға болмайды).

1400 ж. Баязит I Йылдырым сұлтан Константинопольді жаулау мақсатында қаланы қоршауға алған болатын, осы кезде Әмір Темірдің Кіші Азияға жорық жасауы және 1402 ж. Анкара түбіндегі шешуші шайқаста Баязит I Йылдырым сұлтан басқарған әскердің жеңілуіне байланысты жаңадан ғана басы қосылған Кіші Азиядағы Осман биліктері қайта ыдырап, Осман империясының орталық билігі қатты әлсіреген болатын. Осман мемлекетін Баязит I Йылдырым сұлтанның төрт ұлына бөліп берген Әмір Темір осы аймақта үш жарым жылдай мекендеді (бұл жерде, әрине Әмір Темірдің Кіші Азияға жорық жасауының өзіндік себептері бар).

1453 ж. 29 мамырда Мехмет II Фатих сұлтан Константинополь қаласын жаулап алып, Византия империясын құлатқан болатын [1;11-13]. Константинополь қаласының атын Стамбұлға өзгертіп, Осман мемлекетінің астанасын осы қалаға көшірген еді. Стамбұл қаласы жауланғаннан кейін Осман империясының геостратегиялық маңыздылығы арта түсті. Стамбұлды жаулап алу әскери стратегиялық жағынан да үлкен жеңіс болып табылады. Бұл жеңіс Осман империясы үшін екі еселей түскен болатын.

XV ғ. аяғында Осман Империясы Балқанды, Кіші Азияны толығымен, Қара теңіздің солтүстік жағалауын, Қырымды жаулай отырып, қуатты империяға айналған еді.

Осман империясының кеңеюімен қатар жер иелену қатынастары да жақсы дами бастады. XIV ғ. соңына қарай Осман империясындағы ірі жер иелері отырықшылықпен айналыса бастаған болатын. Осман империясында да Селжүк мемлекеті кезеңінде сияқты «үлескерлік жүйе» сақталған болатын.

Осман империясында мемлекеттік басқару жүйесі де қалыптасып дами бастады. Орхан сұлтанның кезінде мемлекеттік мекемелер құрылып, бас уәзір басқаратын уәзірлер кеңесі жұмыс жасай бастады (қазіргі премьер-министр және министрлер, үкімет). Алғашқы ше-неуніктер пайда болды. Сұлтан басқаратын бас уәзір, уәзірлер мен ақсүйектерден тұратын ке-нес – «Диван» құрылды. Елді округтар мен провинцияларға бөлді. Құрылған округтар мен провинцияларды ірі жер иеленушілер басқарды. Округтар мен провинция басшылары әскери және әкімшілік қызметтерді қоса атқарған болатын.

Сот жүйесі діни қазылар – «кадилардың» қолында болды. Сот жүйесі шарифат заңдары негізінде жүргізілді. Әрине, көшпенділер ара-сында тайпалық болмысқа байланысты – тө-релердің де рөлі өте күшті сақталды. Орхан сұлтанның тұсында бірінші рет Осман мем-лекетінің төл манетасы басып шығарыла бастады. Осман мемлекетінде Мұрат I сұлтан билігі кезеңінде (1359-1389 жж.) алғашқы аза-маттық (светский) заңдар – «канундар» шы-ғарыла бастады. Осылайша, Мұрат I сұлтан алғашқы заң шығарушы сұлтан болып есептелді.

1368 ж. шығарылған заң бойынша, жаулап алған жерлердің барлығы мемлекеттің меншігі болып табылды. Ал 1375 ж. әскери лендер – тимарлар мен ірі жер иеленушілер заематтарға жер бөлуді реттейтін заң шығарылған болатын.

Әскери құрылымда да үлкен өзгерістер орын алды. Әскери міндеті бар, лен алған жер иеленушілерді «Сипахия» деп атаған еді.

Осман империясының негізгі тірегі болып табылатын ақсүйектер мен ірі жер иеленушілер жаулаушылық соғыстардың нәтижесінде кү-шейіп алды. Жер иелері – тимарлар, заематтар, хасстар, вакфтар және мүліктік болып бөлінді. Жаулаушылық соғыс нәтижесінде мыңдаған тимарлық және жүздеген ірі жер иеліктері пайда болды.

Түрік лендерінің Еуропалық жер иелену-шілерінен басты ерекшелігі – жер көлемі не-месе иелік еткен аумағында өмір сүретін крепостнойлардың санына байланысты емес, реестрде тіркеліп, заңмен бекітілген кірістеріне байланысты салық төлеп отырған болатын.

Осман империясында салықты ақшалай не-месе натуралды түрде жинап отырған. Осман империясындағы салық мөлшері төмендегідей:

1. Тимар иелері үшін табысы 3 мыңнан 20 мың акчеге дейінгі;

2. Заематтар табысы 20 мыңнан 100 мың акчеге дейінгі;

3. Хасстар табысы 100 мың акчеден жоғары табысы барларға салынды.

Ең ірі жер иелері хасстар үш топқа бөлінді:

1. Сұлтан және оның туысқандарының хасстары.

2. Уәзірлер хасстары.

3. Шені төмен ақсүйектер хасстары [2;443].

Хасстар шартты түрде беріліп отыр-ды. Егер уәзірлер немесе ақсүйектер өзінің лауазынан шеттетілетін болса, хасстарынан да айырылатын болған. Шынайы түрде сұлтан мен оның туыстарының хасстары ғана өздері-нің жеке меншіктері болып табылды, дәл осы кезеңде елдегі жерді ірі жер иеленушілері өз қол астыларына топтастыра бастаған еді. Олар-дың ішінде әскери және мемлекеттік қызмет иелері ерекше басымдылыққа ие болды. Шығыс Еуропа елдері мен Ресей патшалығындағы крепостнойлық режимде шаруалар ірі феодалдың жеріне бекітіліп, ешқайда шығуына тыйым салынып, толық бағынышты болса, ал Осман империясында көшпенді әскери ақсүйектер үздіксіз әскери жорықтарда жүргендіктен ірі жерлерді игерумен айналысу салттары болмады. Олар тек өндірілген өнімдерден үлестік және т.б. да салық алып отырды.

Жер иеленуші феодалдарға тәуелді шаруа-ларды «Раайя» деген араб терминімен атаған болатын. Раайя категориясына тек жермен айналысатын шаруалар ғана емес, қалалардағы қолөнершілер мен саудагерлер де енгізілді.

Халық жер иелерімен мемлекетке ақшалай және натуралды түрде көптеген салықтар төлеп отырды. Натуралды шаруашылық мұсылман-дардан өндірілген өнімнің оннан бірі «ашар» салығын алса, ал мұсылман еместерден өнді-рілген өнімнің оннан үш бөлігін алып отырды. Натуралды салық түрлері: бидай, мақта, жүзім, жеміс-жидектер және т.б. өнімдерге салынды. Мұсылман еместерге арнайы «джиза» (жаза) салығы да салынды. Бірақ джиза салығынан әйелдер, балалар, құлдар босатылды. Джиза са-лығы тікелей сұлтан қазынасына түсіп отырды.

Сұлтан жаулап алған қалаларда соғыс ки-мылы аяқталысымен бейбіт тұрғындардың үйлеріне қайтып оралып, өз кәсіптерімен айна-лысуына қатысты шаралар ұйымдастырып отыр-ды. Сұлтан өкіметі қолөнершілер мен сауда-герлердің ел экономикасы үшін өте қажетті екендігін түсінген еді.

XV ғ. Мехмет II Фатих сұлтан кезіндегі Осман империясында негізгі халық үш топқа бөлініп,



түрік мемлекетінің формасы айқындалды. Сонымен қатар, Мехет II Фатих сұлтан кезінде маңызды үш кодекс қабылданды. Ол бойынша:

1. Жер иелері феодалдардың мәртебесі.
2. Шаруалардың міндеттері.
3. Ақсүйектердің лауазымы мен міндеттері, оларға берілетін жалақы көлемі және т.б. [2;109-110].

Барлық билік тек сұлтанның қолында болды. Одан кейін әскерилер, мемлекеттік қызметкерлер, дін қызметкерлерінің рөлі де жоғары болды.

Осман империясындағы жоғарғы билік деген түсінік ислам идеологиясына негізделі отырып, сонымен қатар орасан ескі оғыз-түркілерінің салт-дәстүрі әсерінің негізіне сүйене отырып жасалған.

Ислам әлемінде кең тараған «Сиясатнаме», «Насихатюль-мюлюк», «Китабюль-харадж», «Китабюль-эмваль», «Эль-Ахкамьюс-султание» және «Китабюс-сийер» секілді шығармаларда исламдағы мемлекеттік түсінігі мен мемлекетті басқару мәселелері қарастырылған болатын. Сонымен қатар басшы мен халықтың қатыныстары да қарастырылған. Бұл шығармалар осман қоғамы мен әкімшілік құқығына өзінің әсерін тигізген болатын.

Басқару түсінігі «элест бесми» теориясына негізделеді. Ол бойынша адамдар Аллаға шексіз бағынулары қажет. Сондықтан да басқарудың негізгі тірегі исламға негізделеді. Сұлтан фермандарында мынандай формулировка қолданылған, «Сұлтан билігі Алланың рахымымен берілген» деген.

Осман династиясы Оғыз тайпасының Қайы руынан тараған. Бұған дәлел монеталарға Қайы тайпасының мөрінің басылуы. Османдықтар әрдайым өздерінің нағыз түркілер екендігін және олар Оғыздардан шыққандықтары туралы айтып отырған.

Байрақ пен дауылнай (табл ве алем) мемлекет рәмізі болып табылды.

Сұлтандардың өміріндегі маңыздысы да өзгеше (жасырын) киімін ауыстырып, Стамбұл мен оның төңірегін аралап, елде не болып жатқандығын өз көзімен көрулері болатын.

Фатих сұлтанның кануннамесінде барлық азаматтық және діни билік сұлтанның қолында

болады делінген. Сондықтан сұлтан бас уәзірді (садразам), азаматтық басқарушылар мен жоғарғы шариғат сотын, ал кейін дін істеріне жауапты шейхульисламды тағайындап отырған.

XV-XVII ғғ. Диван и Хумаюн: бас уәзір, уәзірлер, казыәскерлер, дефтардар және нишанджылардан құралған болатын. Диван түстен кейінгі уақытта жиналып, Осман мемлекетіндегі ішкі және сыртқы саясатқа қатысты саяси-экономикалық, құқықтық, әкімшілікке байланысты барлық мәселелерді қарастырды. Шығарылған шешімдерді сұлтан бекітіп отырды.

Осман империясының мемлекеттік басқару жүйесінде шешім жылдам шығарылып отырды. Кеңсе қызметінің жұмысының жақсы жолға қойылуына байланысты шығарылған шешімдер жылдам жүзеге асырылып отырылды. Мемлекеттік мекемелер арасындағы байланыс та өте жақсы деңгейде жолға қойылған болатын. Басқару жұмыстарын жақсы дайындығы бар аз ғана адамнан жасақталған хатшылар атқарып отырды.

XVII ғ. кеңселер мен хатшылардың санының көбеюіне байланысты кеңсе жұмыстары сапасы да төмендей бастады.

Диван кеңесін Орхан сұлтан кезінде күнделікті өзі өткізіп отырса, ал Мехмет II Фатих сұлтан билігі кезінен бастап диван кеңесін бас уәзір өткізіп отырды. Сұлтан тек шешімдерді өз бақылауына алып, перденің артқы жағынан кеңесті тыңдап отырған. Кейбір маңызды деп есептелетін жиындарды сұлтан өзі тікелей басқарып, жүргізіп отырған болатын.

XVII ғ. басында диван жұмысы аптасына 4 күн ғана өткізіліп отырды. Ал XVII ғ. II жартысында диван кеңесіне аптасына 2 рет жиналып отырды. XVIII ғ. басында диван кеңесіне аптасына 1 рет жиналды. Кейін айына 3 рет жиналып отырды.

Осман империясы әкімшілік басқару бойынша эялеттерге, сажактарға, казаларға, нахиелерге және ауылдарға бөлінген болатын. Халқы әскери-басшыларға және раайяларға – қарапайым бағынышты тұрғындар болып бөлінді.

Қорыта айтқанда, Түркияның XI-XVIII ғғ. мемлекеттік басқару жүйесі рулық-тайпалық немесе далалық басқару жүйесінен қалыптасқан жүйелі мемлекеттік басқару деңгейіне көтеріле алды.

### Әдебиеттер

- 1 Норман Стоун. Краткая история Турции. – М.: АСТ, 2014. – 320 с.
- 2 Ихсаноглу Э. История Османского государства, общества и цивилизация. – М., 2006. – I том. – 601 с.
- 3 Гасратян М.А., Орешкова С.Ф., Петросян Ю.А. Очерки истории Турции. – М.: Наука, 1983. – 292 с.
- 4 Новичев А.Д. Турция краткая история. – М.: Наука, 1965. – 371 с.
- 5 Быков А. А. Монеты Турции XIV–XVII веков. – Л., 1939. – 276 с.
- 6 Библиография Турции (1713–1917) / Сост.: А.К. Сверчевская и Т.П. Черман. – М., 1961. – 154 с.
- 7 Достян И.С. Борьба сербского народа против турецкого ига. XV – начало XVIII в. – М., 1958. – 352 с.
- 8 Vagkan Orner Lütfi. XY ve XYI-inci asirlarda Osmanli Imparatorlugunda ziraî ekonominin hukuki ve mali esaslari. 1. eilt, Kanunlar. – Istanbul, 1945. – 168 с.
- 9 Добров Л. Южное славянство, Турция и соперничество европейских правительств на Балканском полуострове. Историко-политические очерки. – СПб., 1879. – 276 с.
- 10 Гордлевский В. Внутреннее состояние Турции во второй половине века (по документам, изданным Ахмедом Рефиком) // Тр. Мос. ин-та востоковедения, № 2. – 1940. – 86 с.
- 11 Гордлевский В.А. Государство Сельджукидов Малой Азии: Избр.соч. – М., 1960. – Т. 1.– 481 с.
- 12 Эвлия Челеби. Книга путешествия (извлечения из сочинения турецкого путешественника XVII века) / перевод и комментарии. Выпуск 1. Земли Молдавии и Украины. – М., 1961. – 350 с.
- 13 Uzluk F. Anadolu Selçuklulari tarihi. С. I, II, III. – Istanbul, 1952. – 274 с.
- 14 Yinanc Mukrimin Halil. Turkiye tarihi. Selçuklular devri. S. I. Anadolunun fethi. – Istanbul, 1941. – 628 с.
- 15 Kanunname-i al-i Osman. «Tarih-i Osman-i Encumen-i meemuasi», NN 13,14. – Istanbul, 1912. – 57 с.
- 16 Новичев А. Д. К вопросу о феодальных отношениях и положении крестьян в Турции во второй половине XV века. Уч. зап. ЛГУ. – № 294. – 1961. – 353 с.
- 17 Стасюлевич М. Осада и взятие Византии турками. – СПб., 1854. – 133 с.
- 18 Tansel Selâhattin. Osmanh kaynaklarina göre Fatih sultan Mehmedin siyasî ve askeri faaliyeti. – Ankara, 1953. – 284 с.
- 19 Кинросс Л. Расцвет и упадок Османской империи / пер. с англ. М. Пальникова. – М.: КРОН-ПРЕСС, 1999. – 696 с.
- 20 Византийские историки Дука и Франдзи о падении Константинополя / пер. и предисловие А.С. Степанова) // «Византийский временник». – 1953. – VII. – 158 с.

### References

- 1 Norman Stoun. Kratkaja istorija Turcii. – М.: AST, 2014. – 320 s.
- 2 Ihsanoflu Je. Istorija Osmanskogo gosudarstva, obshhestva i civilizacija. – М., 2006. – I tom. – 601 s.
- 3 Gasratjan M.A., Oreshkova S.F., Petrosjan Ju.A. Ocherki istorii Turcii. – М.: Nauka, 1983. – 292 s.
- 4 Novichev A.D. Turcija kratkaja istorija. – М.: Nauka, 1965. – 371 s.
- 5 Bykov A. A. Monety Turcii XIV–XVII vekov. – L., 1939. – 276 s.
- 6 Bibliografija Turcii (1713–1917) / Sost.: A.K. Sverchevskaja i T.P. Cherman. – М., 1961. – 154 s.
- 7 Dostjan I.S. Bor'ba serbskogo naroda protiv tureckogo iga. XV – nachalo XVIII v. – М., 1958. – 352 s.
- 8 Vagkan Orner Lütfi. XY ve XYI-inci asirlarda Osmanli Imparatorlugunda ziraî ekonominin hukuki ve mali esaslari. 1. eilt, Kanunlar. – Istanbul, 1945. – 168 s.
- 9 Dobrov L. Juzhnoe slavianstvo, Turcija i sopernichestvo evropejskih pravitel'stv na Balkanskom poluostrove. Istoriko-politicheskie ocherki. – Spb., 1879. – 276 s.
- 10 Gordlevskij V. Vnutrennee sostojanie Turcii vo vtoroj polovine veka (po dokumentam, izdannym Ahmedom Refikom) // Tr. Mos. in-ta vostokovedenija, № 2. – 1940. – 86 s.
- 11 Gordlevskij V.A. Gosudarstvo Sel'dzhukidov Maloj Azii: Izbr.soch. – М., 1960. – Т. 1.– 481 s.
- 12 Jevlija Chelebi. Kniga puteshestvija (izvlechenija iz sochinenija tureckogo puteshestvennika XVII veka) / perevod i komentarii. Vypusk 1. Zemli Moldavii i Ukrainy. – М., 1961. – 350 s.
- 13 Uzluk F. Anadolu Selçuklulari tarihi. S. I, II, III. – Istanbul, 1952. – 274 s.
- 14 Yinanc Mukrimin Halil. Turkiye tarihi. Selçuklular devri. S. I. Anadolunun fethi. – Istanbul, 1941. – 628 s.
- 15 Kanunname-i al-i Osman. «Tarih-i Osman-i Encumen-i meemuasi», NN 13,14. – Istanbul, 1912. – 57 s.
- 16 Novichev A. D. K voprosu o feodal'nyh otnoshenijah i polozhenii krest'jan v Turcii vo vtoroj polovine XV veka. Uch. zap. LGU. – № 294. – 1961. – 353 s.
- 17 Stasjulevich M. Osada i vzjatje Vizantii turkami. – SPb., 1854. – 133 s.
- 18 Tansel Selâhattin. Osmanh kaynaklarina göre Fatih sultan Mehmedin siyasî ve askeri faaliyeti. – Ankara, 1953. – 284 s.
- 19 Kinross L. Rascvet i upadok Osmanskoy imperii / per. s angl. M. Pal'nikova. – М.: KRON-PRESS, 1999. – 696 s.
- 20 Vizantijskie istoriki Duka i Frandzi o padenii Konstantinopolja / per. i predislovie A.S. Stepanova) // «Vizantijskij vremenik». – 1953. – VII. – 158 s.